

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-медициналық бөлімшелерінде жеке құрамды медициналық қарап-тексеруді жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 28 қазандағы № 589 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қазанда № 21552 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы кодексінің 11-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-медициналық бөлімшелерінде жеке құрамды медициналық қарап-тексеруді жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінде жеке құрамды медициналық қарап-тексеруді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 924 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

Н. Ермекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-медициналық бөлімшелерінде жеке құрамды медициналық қарап-тексеру жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-медициналық бөлімшелерінде жеке құрамды медициналық қарап-тексеру жүргізу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-медициналық бөлімшелерінде жеке құрамды медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі мен кезеңділігін айқындайды.

2. Медициналық қарап-тексеру денсаулықты сақтауға және нығайтуға, ауруларды, оның ішінде кәсіптік ауруды, улануды, қайғылы оқиғаларды анықтауға және алдын алуға, сондай-ақ әскери қызмет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған уақтылы медициналық тексеруді қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

3. Осы қағидаларға сәйкес жүргізілетін медициналық қарап-тексеру:

- 1) жеке құрамды алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруді;
- 2) жеке құрамды ауысымалды міндетті медициналық қарап-тексеруді;
- 3) әскери қызметшілерді кезеңдік міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеруді;
- 4) әскери қызметшілердің денсаулық жағдайын динамикалық байқауды қамтиды.

3-1. Авиациялық персоналға жатқызылған қатардағы жауынгерлер, сержанттар және офицерлер құрамы лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді медициналық қарап-тексеру "Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын медициналық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 5 қыркүйектегі № 699 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19372 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 16.05.2022 № 303 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-2. Әскери прокуратура органдарының әскери қызметшілерін медициналық қарап-тексеру осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жеке құрамды алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі

4. Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеру мамандығы немесе оқуы бойынша міндеттерді орындауға жарамдылығын анықтау, сондай-ақ жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу және инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында әскери қызметке (жұмысқа немесе оқуға) түскен (әскерге шақырылған) кезде жүргізіледі.

5. Әскери қызметке (оқуға) түсетіндерге (әскерге шақырылушыларға) алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеру "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 11-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес бекітілетін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік комиссиялар туралы ережеге сәйкес медициналық куәландыру арқылы жүргізіледі.

6. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне және мекемелеріне жұмысқа кіретіндерге алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеру Кодекстің 86-бабының 6-тармағына сәйкес бекітілетін тәртіппен жүргізіледі.

3-тарау. Жеке құрамды ауысымалды міндетті медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі

7. Ауысымалды міндетті медициналық қарап-тексеруді дәрігер (фельдшер, мейіргер) арнайы жабдықталған бөлмеде (орында) жүргізеді.

8. Ауысымалды міндетті медициналық қарап-тексеруге:

1) қарауыл, кезекші күштер (ауысым) жеке құрамы – қарауылға және жауынгерлік кезекшілікке, жауынгерлік қызметке түсер алдында;

2) жүргізушілер – рейске шығар алдында;

3) басқа әскери бөлімдерге кететін, әскери бөлімге жаңадан келген, сондай-ақ демалыстан, іссапардан және сауықтыру бойынша емдеу мекемелерінен келген барлық әскери қызметшілер – әскери бөлімге келген күні, бірақ оларды бөлімшеге жібергенге дейін;

4) спорттық жарыстарға қатысушылар – жарыс алдында;

5) асхана жұмыскерлері және асхана бойынша нарядқа тағайындалатын жеке құрам – кезекті ауысым басталғанға дейін;

6) барлық мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері – моншада жуынар алдында тартылады.

Одан басқа, аптасына бір рет әскери бөлім командирі белгілеген уақытта бөлімшелердің мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілеріне медициналық (денесін) қарап-тексеру жүргізіледі.

9. Ауысымалды міндетті медициналық қарап-тексеру көлемі (моншада жуынар алдында және бөлімшеде жүргізілетін мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін медициналық қарап-тексеруден басқа):

1) хал-жағдайы, демалғаны (ұйқысы), денсаулық жағдайы туралы шағымдардың болуы туралы сауалнаманы;

2) эмоциялық күйдегі ауытқуларды анықтауды (сыртқы келбеті, мінез-құлқы, қарым-қатынас жасау нысаны);

3) терінің ашық жерлерін қарап-тексеруді;

4) 30 секунд ішінде кәріжілік артериядағы тамыр соғысын есептеуді қамтиды.

Дене температурасын, қан қысымын өлшеу, сондай-ақ тексерудің қосымша әдістерін жүргізу жүргізілген қарап-тексеру нәтижелері бойынша медициналық көрсеткіштер болған кезде жүзеге асырылады.

Денсаулық жағдайына шағымданатын, артериялық қысымның физиологиялық көрсеткіштерінде ауытқулары, дене температурасы, іріңдеген тері ауруларының белгілері, іріңдеген жаралар, күйген жерлер, сыдырылған жерлер, жіті, оның ішінде инфекциялық аурулар көріністері бар адамдар одан әрі тексеру және емдеу үшін әскери медициналық мекемелерге жіберіледі.

10. Әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық қызметкерлері мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне қазарма үй-жайында (медициналық бөлімше үй-жайында), сондай-ақ моншада шомылу алдында жүргізетін медициналық (денені) қарап-тексеру көлемі: хал-жағдайы, денсаулық жағдайына шағымның бар болуы туралы сауалды, тері қабатын қарап-тексеруді қамтиды.

Медициналық қызметкер анықталған дене жарақаттары туралы өзінің тікелей командиріне (бастығына) баяндайды. Тері аурулары бар әскери қызметшілер моншада жуынуға соңғы кезекпен жіберіледі.

11. Медициналық қарап-тексеру нәтижелері осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қарап-тексеруді есепке алу журналында есепке алынады.

4-тарау. Әскери қызметшілерге кезеңдік міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі

1-параграф. Әскери қызметшілерге кезеңдік міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру

12. Әскери қызметшілерді кезеңдік міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеру:

1) мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін, курсанттарды, кадеттерді бастапқы және кезеңдік медициналық қарап-тексеруді;

2) келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар және офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді профилактикалық медициналық қарап-тексеруді;

3) шет мемлекеттерге ұзақ іссапарға (оқуға) баратын жеке құрамды медициналық қарап-тексеруді;

4) радиоактивті заттармен, ионданушы сәулелену көздерімен, зымыран отынының компоненттерімен, электр магниттік өріс көздерімен жұмыс істейтін жеке құрамды медициналық қарап-тексеруді қамтиды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 16.05.2022 № 303 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жеке құрамды кезеңдік міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеру жүргізу Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің, өңірлік қолбасшылық әскерлерінің, гарнизонның медициналық қызметі (бөлімі) ұйымдастырады.

Жеке құрамды медициналық қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру үшін Қарулы Күштер түрлері, әскер тектері, өңірлік қолбасшылық әскерлері бас қолбасшысының (қолбасшысының), гарнизон бастығының бұйрығы шығарылады, ол әскери бөлімдер (мекемелер) командирлеріне (бастықтарына) және жеке бөлімшелерге жеткізіледі. Бұйрықта:

1) флюорографиялық (рентгендік) тексеру;

2) зертханалық және құралдық тексеру;

3) әрбір әскери бөлім (мекеме) және жеке бөлімшелер үшін дәрігерлердің медициналық тексеру мерзімдері мен жүргізу орны айқындалады.

14. Жеке құрамды медициналық қарап-тексеру әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық пунктінде (медициналық ротасында, взводында) және (немесе) әскери емханада (госпитальда, лазаретте) әскери-медициналық мекемеде белгіленген күн тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Күндіз жұмыс уақытында бір дәрігер 40-тан аспайтын адамды тексереді.

15. Медициналық қарап-тексеруді дайындау және жүргізу кезінде әскери қызметшінің медициналық кітапшасында мынадай мәліметтер жинақталады:

1) негізгі және қосарласқан ауру барысы туралы, олардың өткен жылда болуы және жиілігі, сондай-ақ емдеу-профилактикалық іс-шаралардың нәтижелері туралы эпикриз;

2) негізгі және қосарланған созылмалы аурулардың өршуінен туындаған еңбекке жарамсыздық, госпитальға жатқызу жағдайлары саны мен күндері туралы жинақталған деректер;

3) әскери қызметшіні динамикалық байқаудың негізгі себебі (созылмалы аурулар, шалдыққан жіті ауруы, қатер факторларының бар болуы, әскери қызмет жағымсыз факторларының әсер етуі жағдайларында жұмыс істеуі) туралы қорытындылар;

4) денсаулық жағдайы тобы, дене шынықтыру дайындығы тобы (келісімшарт бойынша әскери қызметшілер), қатер факторларының бар болуы және ұсыным берілген емдеу-профилактикалық іс-шаралар тізбесі туралы қорытынды.

16. Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің, өңірлік қолбасшылық әскерлерінің, гарнизонның медициналық қызметі (бөлімі) медициналық қарап-тексерумен толық

қамтылуға, оны жүргізу сапасына бақылауды жүзеге асырады және медициналық қарап-тексеру жүргізу және динамикалық байқау кезінде әскери бөлімдер (мекемелер) дәрігерлеріне әдістемелік көмек көрсетеді.

17. Әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық қызметі медициналық қарап-тексеруді, динамикалық байқауды толық және сапалы жүргізуді, сондай-ақ бекітіліп берілген әскери қызметшілерге тағайындалған емдеу-профилактикалық іс-шаралар көлемінің орындалуын қамтамасыз етеді.

2-параграф. Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілеріне, курсанттарға, кадеттерге бастапқы және кезеңдік медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі

18. Мерзімді әскери қызметшілерге, әскери оқу орнының (бұдан әрі – ЭОО) курсанттарына, кадеттеріне бастапқы медициналық қарап-тексеру әскери бөлімде (мекемеде) болудың бірінші айы бойы жүргізіледі.

Алғашқы медициналық қарап-тексерудің міндетті көлемі:

1) әскерге шақырғанға (түскенге) дейін соңғы үш айда өтпеген адамдарға кеуде қуысы ағзасының флюорографиясын (рентгенографияны);

2) жалпы қан, зәр талдауын, микрореакцияны;

3) антропометрияны (бойы, дене салмағы, кеуде қуысы шеңбері), дене салмағының индексі (бұдан әрі – ДСИ) айқындауды;

4) көру жітілігін және құлақ шалғыштығын айқындау;

5) терапевт-дәрігердің (жалпы практика) тексеруін қамтиды.

19. Терапевт-дәрігердің (жалпы практика) тексеруі барысында:

1) тері қабатын және бастың шаш өсетін бөлігін қарап-тексеру;

2) көрінетін шырышты қабықшаларды қарап-тексеру: көз конъюнктивасын, ауыз қуысын, аңқасын, тістердің жай-күйіне, тістүйіске, таңдай бадамшасының көлеміне және түріне, дауыс функциясына назар аударылады;

3) қалқанша безді қарап-тексеру және пальпациялау;

4) перифериялық лимфа түйіндерін: иекасты, шаптағы, қолтықастыпальпациялау;

5) қан айналымы ағзаларын зерттеу (қарап-тексеру, жүрек аускультациясы), пульс жиілігін, толымын, ритмін, қан қысымы мөлшерін айқындау, жүрек шуы анықталған жағдайларда әртүрлі қалыпта (тұрып, жатқызып) зерттеулер және дозаланған дене жүктемесімен функционалдық сынаулар;

б) тыныс алу ағзаларын зерттеу (өкпе аускультациясы);

7) ас қорыту ағзаларын зерттеу (іш қуыс ағзаларын, оң жақ қабырғасын, бауырды, эпигастрияны, көкбауырды, оң және сол мықынды, маңдайүстіні пальпациялау);

8) жыныс ағзаларын қарап-тексеру жүргізіледі.

Медициналық көрсеткіштер бойынша қосымша тексеру әдістері, бейінді маман дәрігерлердің консультациялары тағайындалады.

20. Мерзімді қызмет әскери қызметшілерін кезеңдік медициналық қарап-тексеру осы қағидалардың 18-тармағында айқындалған көлемде алты айда бір рет жүргізіледі.

21. ӘОО-ларда оқу кезеңінде курсанттарға, кадеттерге кезеңдік медициналық қарап-тексеру жыл сайын оқу жылының бірінші жартыжылдығында осы қағидалардың 18-тармағында айқындалған көлемде жүргізіледі.

22. Алғашқы және кезеңдік медициналық қарап-тексеру аяқталғаннан кейін әскери бөлім (мекеме) дәрігері не терапевт-дәрігер (жалпы практика) объективті тексеру және зертханалық-диагностикалық зерттеу нәтижелерін ескере отырып, мынадай "денсаулық топтарын" айқындаумен денсаулық жағдайына кешенді бағалау жүргізеді:

1) IA тобы – қатер факторлары жоқ дені сау: ешқандай шағым білдірмеген және анамнезде және қарап-тексеру уақытында созылмалы аурулар, қатер факторлары немесе жеке ағзалар мен жүйелер функцияларының бұзылуы анықталмаған адамдар;

2) IB тобы – қатер факторлары бар дені сау: қатер факторлары анықталған, "шекті" жайғдайдағы, байқау және профилактикалық араласуға мұқтаж адамдар (организмнің функционалдық қызметіне ақпал етпейтін қан қысымы және өзге де физиологиялық сипаттамалар мөлшерінде белгіленген шекті нормадан шамалы ауытқуы анықталған адамдар);

3) II топ – жалпы дені сау: соңғы екі жыл ішінде анамнезде өршусіз жіті және (немесе) созылмалы ауруы бар адамдар;

4) III топ – науқастар: организмнің функционалдық мүмкіндіктері бұзылған субкомпенсация (декомпенсация) жағдайында созылмалы аурулары бар адамдар.

II топқа жататын адамдар әскери бөлімнің (мекеменің) дәрігері динамикалық байқауға және әскери емханалардың (госпитальдардың, лазареттердің) бейінді мамандарын тартумен сауықтыруға тиіс.

III топқа жатқызылған адамдар кейіннен динамикалық байқаумен амбулаторлық (стационарлық) емдеуге (оңалтуға) жіберілуге тиіс. Емдеу (оңалту) нәтижелеріне байланысты әскери бөлім (мекеме) медицина қызметінің бастығы (дәрігер) әскери қызметшіні әскери қызметке (оқуға) жарамдылық санатын айқындау үшін медициналық куәландыруға жіберу мақсаттылығын айқындайды.

23. Жүргізілген медициналық қарап-тексеру нәтижелері және емдеу-профилактикалық іс-шаралар мазмұны осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімді қызмет әскери қызметшісінің, курсанттың, кадеттің медициналық кітапшасына енгізіледі.

3-параграф. Қатардағы жауынгерлер, сержанттар және офицерлер құрамы лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді профилактикалық медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 16.05.2022 № 303 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Қатардағы жауынгерлер, сержанттар және офицерлер құрамы лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер (бұдан әрі – келісімшарт бойынша әскери қызметшілер) жылына бір рет профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 16.05.2022 № 303 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. 40 жасқа дейінгі келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге ПМТ көлемі:

- 1) кеуде қуысы ағзасының флюорографиясы (рентгенографиясы);
- 2) антропометрия (дене салмағын, бойын, ДСИ-ды, кеуде қуысының, ішінің шеңберін айқындау);
- 3) жалпы қан, зәр талдауы, микрореакция;
- 4) бірінші тексеруден өту кезінде электр-кардиографиялық зерттеу, одан кейін 35 және одан жоғары жаста жылына 1 рет;
- 5) көру жітілігін және құлақ шалғыштығын айқындау;
- 6) осы қағидалардың 19-тармағында айқындалған тәртіппен жалпы практика дәрігерінің (терапевтің) тексеруі;
- 7) медициналық көрсеткіштер бойынша тексерудің қосымша әдістері, дәрігер мамандардың консультациялары.

26. 40 және одан үлкен жастағы келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге ПМТ көлемі:

- 1) кеуде қуысы ағзасының флюорографиясы (рентгенография);
- 2) антропометрия (дене салмағын, бойын, ДСИ-ды, кеуде қуысының, ішінің шеңберін анықтау);
- 3) жалпы қан, зәр талдауы, микрореакция;
- 4) қандағы қантты, сарысудағы холестеринді зерттеу;
- 5) электр-кардиографиялық зерттеу;
- 6) көз ішінің қысымын өлшеу (офтальмологтың тағайындауы бойынша);
- 7) дәрігер мамандардың (хирург, терапевт, офтальмолог, стоматолог, невропатолог, оториноларинголог, гинеколог – әскери қызметші әйелдер үшін) қарап-тексеруі.

Медициналық көрсеткіштер бар болған кезде қосымша тексеру әдістері, дәрігер мамандардың консультациялары жүргізіледі.

27. ПМТ нәтижелері бойынша келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің денсаулық жағдайын кешенді бағалау, денсаулық топтары бойынша оларды бөлу,

динамикалық байқау қажеттілігі, сондай-ақ әскери қызметшіні әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау үшін медициналық куәландыруға жіберу мақсаттылығы осы қағидалардың 22-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің денсаулық жағдайына кешенді бағалауды жүзеге асыру кезінде Кодекстің 87-бабының 2-тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, көлемде және осы зерттеулерді жүргізу мерзімділігімен өткізілетін скринингтік зерттеулер нәтижелері пайдаланылады.

28. ПМТ-ның қорытынды нәтижелерін ресімдеу кезінде әскери бөлім (мекеме) медициналық қызметінің бастығы (дәрігері) келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштердегі дене шынықтыру дайындығы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 10 тамыздағы № 438бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15729 болып тіркелген) сәйкес дене шынықтыру дайындығының жас топтарын айқындайды.

Жасына және жынысына қарамастан, созылмалы аурулары, организм функционалдық мүмкіндіктерінің бұзылуымен (III денсаулық тобы) субкомпенсация (декомпенсация) жағдайында жіті ауруларымен сырқаттану және жарақаттану салдары бар әскери қызметшілер 6 айға дейінгі, ал ауыр жарақаттанған және сырқаттанған жағдайларда – 12 айға дейінгі мерзімге уақытша емдік дене шынықтыру дайындығы (бұдан әрі – ЕДШ) тобына енгізіледі. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін әскери қызметшілер медициналық тексеруден өтеді, оның нәтижелері бойынша әскери қызметшілер дене шынықтыру дайындығының тиісті жас топтарына ауыстырылады, ал әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін аурулар бар адамдар әскери-медициналық комиссияға медициналық куәландыруға жіберіледі.

29. Бөлімге жаңадан келген, іссапарда, демалыста болған және ПМТ өтпеген келісімшарт бойынша әскери қызметшілер бөлімге келген күннен бастап бір ай мерзімде тексеруден өтеді.

30. Стационарлық емдеуде болатын және ағымдағы жылы ПМТ өтпеген келісімшарт бойынша әскери қызметшілер стационарда бір уақытта ПМТ-дан өтеді.

31. Жүргізілген ПМТ нәтижелері, емдеу-профилактикалық іс-шараларының мазмұны, денсаулық және дене шынықтыру дайындығы топтары осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің әскери кітапшасына енгізіледі.

4-параграф. Шет мемлекеттерге ұзақ іссапарға (оқуға) баратын жеке құрамды медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі

32. Шет мемлекеттерге ұзақ (үш және одан астам айға) іссапарға (оқуға) баратын жеке құрамды (бұдан әрі – шет мемлекеттерге баратындар) бұрын жүргізілген

қарап-тексеру мерзімдеріне қарамастан, зәр-жыныс жүйесінің ағзаларының ультрадыбыстық қосымша зерттеумен, сондай-ақ қан тобын және резус-тиесілілігін айқындаумен (егр бұрын айқындалмаса) осы қағидалардың 26-тармағында айқындалған көлемде медициналық қарап-тексеру жүргізіледі.

Шет мемлекеттерге баратындар медициналық қарап-тексеруге ауыз қуысы санациясын жүргізгеннен кейін жіберіледі.

Елге кіру үшін адамның иммундық тапшылығы вирусының (бұдан әрі – АИТВ) болмауына сертификат талап етілетін шет мемлекеттерге баратындарға АИТВ-инфекциясына сертификат алумен тексеру жүргізіледі.

33. Шет мемлекеттерге ұзақ іссапарға (оқуға) бару үшін медициналық қарсы көрсеткіштер Кодекстің 11-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бекітілетін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет ету үшін адамдар денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптарға сәйкестіісті бағандар бойынша "Г", "В-ДЕРБ", "В", "Д", "Е" және "ЖЗ" жарамадылық санаттарын көздейтін ауырулар болып табылады.

Медициналық тексеру нәтижелері осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шет мемлекеттерге ұзақ іссапарға (оқуға) бару үшін медициналық қарсы көрсеткіштердің болмауы (бар болуы) туралы анықтамамен ресімделеді.

34. "В", "Д" және "Е" жарамдылық санатын көздейтін сырқаттары бар әскери қызметшілер әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау үшін медициналық куәландыруға жіберіледі.

5-параграф. Радиоактивті заттармен, ионданушы сәулелену көздерімен, зымыран отынының компоненттерімен және электр магниттік өріс көздерімен жұмыс істейтін жеке құрамды медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі

35. Радиоактивті заттармен, ионданушы сәулелену көздерімен, зымыран отынының компоненттерімен, электр магниттік өріс көздерімен (бұдан әрі – зиянды кәсіптік факторлар) жұмыс істейтін жеке құрам әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық пунктінде арнайы есепте тұрады.

36. Осы қағидалардың 35-тармағында көрсетілген адамдарды профилактикалық медициналық қарап-тексеру кезінде осы қағидалардың 26-тармағында айқындалған тексеру көлеміне қосымша қан тромбоциттері мөлшері айқындалады.

37. Осы қағидалардың 35-тармағында көрсетілген адамдарды медициналық куәландыру Кодекстің 11-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес бекітілетін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

38. Жеке құрамды зиянды кәсіптік факторлар бар жұмысқа тағайындау медициналық куәландырудан өткеннен кейін жүргізіледі.

5-тарау. Әскери қызметшілердің денсаулық жағдайын динамикалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

39. Динамикалық байқау әскери қызметшілердің денсаулық жағдайын жүйелі байқауды, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсетуді қамтиды.

Динамикалық байқауға мұқтаж әскери қызметшілер медициналық қарап-тексеру және стационарлық (амбулаториялық) емдеу процесінде айқындалады.

40. Жүргізілген медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша II және III денсаулық тобына жатқызылған әскери қызметшілер динамикалық байқалуға тиіс. Одан басқа, жіті ауыруға шалдыққан, ауыр жарақаттанған, операция жасалған, сондай-ақ зиянды кәсіптік факторлардың әсер етуіне ұшыраған әскери қызметшілер динамикалық байқалуға тиіс.

41. Динамикалық байқау әскери қызметшілерді терапевт-дәрігердің (жалпы практика) медициналық тексеруін, тексерудің қосымша әдістерін жүргізуді, бейінді дәрігер мамандардың консультацияларын, емдеу-сауықтыру іс-шараларын тағайындауды, сондай-ақ диспансеризациялаудың жай-күйін талдауды және тиімділігін бағалауды қамтиды.

42. Динамикалық бақылауды қажет ететін әскери қызметшілердің тексерудің көлемі мен кезеңділігі жарақаттардың салдары, сырқаттың ауырлық дәрежесіне және сипатына байланысты клиникалық хаттамаларға сәйкес анықталады.

Динамикалық бақылау жүргізу кезінде Кодекстің 88-бабының 2- тармағына сәйкес бекітілетін Динамикалық бақылауға жататын созылмалы ауырулар тізбесі қолданылады.

43. Динамикалық байқауға мұқтаж әскери қызметшілер әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық ротасында (медициналық пунктінде) арнайы есепте тұрады.

6-тарау. Медициналық қарап-тексеруді қортындылау тәртібі

44. Әскери бөлімде (мекемеде) жыл сайын жүргізілетін медициналық қарап-тексеруге қортынды жасалады, онда:

- 1) әрбір санат үшін жеке әскери қызметшілердің денсаулық жағдайы деңгейі;
- 2) жыл бойы IA, IB, II және III денсаулық топтарына жатқызылған әрбір санат үшін жеке әскери қызметшілерде денсаулық жай-күйінің өзгеруі;
- 3) негізгі қатер факторларының таралуы және оларға қарсы күрес әдістері;
- 4) жіті және созылмалы аурулардың әскери еңбек сипатымен болжамды байланысы;
- 5) нақты кемшіліктерді және оларды жою жөніндегі шараларды көрсете отырып, әскери бөлім (мекеме) медициналық қызметінің әскери қызметшілерді диспансеризациялау жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау;

б) әскери қызметшілерді медициналық қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі іс-шаралар сипатталады.

45. Әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық қызметі медициналық қарап-тексеру қортындыларын талдайды, әскери қызметшілерді емдеу-профилактикалық іс-шаралары жоспарын жасайды және іске асырады.

46. Әскери бөлімде (мекемеде) медициналық қарап-тексеру жай-күйінің және тиімділігінің көрсеткіштері әскери қызметшілердің әрбір санаты үшін жеке есептеледі. Оларды есептеу үшін қажетті бастапқы деректер медициналық есептік құжаттардан мәліметтерді өңдеу арқылы алынады.

Әскери қызметшілерді медициналық қарап-тексеру жай-күйінің және тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Медициналық қарап-тексеру жай-күйінің және тиімділігінің көрсеткіштерін талдау есептілік және алдыңғы жылдар үшін ұқсас көрсеткіштерді салыстыру арқылы жүргізіледі.

47. Медициналық қарап-тексеру қортындылары және оны жетілдіру шаралары әскери бөлім (мекеме) командиріне (бастығына), Қарулы Күштер түрлері, әскер тектері, өңірлік қолбасшылықтар әскерлері, гарнизон медициналық қызметінің бастығына баяндалады.

48. Әскери қызметшілерді медициналық қарап-тексеру нәтижелері әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен жарияланады, онда:

1) бөлім (мекеме) әскери қызметшілерін медициналық қарап-тексерумен толық қамту;

2) денсаулық және дене шынықтыру дайындығы топтары бойынша бөлім (мекеме) әскери қызметшілерін бөлу;

3) динамикалық байқауға жататын әскери қызметшілер тізімі;

4) емделуге (оңалтуға) мұқтаж әскери қызметшілер тізімі;

5) ЕДШ тобына жатқызылған әскери қызметшілер тізімі;

6) санаториялық-курорттық емделуге мұқтаж әскери қызметшілер тізімі;

7) әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін медициналық куәландыруға жіберуге жоспарланған әскери қызметшілер тізімі сипатталады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери-
медициналық бөлімшелерінде
жеке құрамға медициналық
қарап-тексеру жүргізу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(А4 форматы)

Медициналық қарап-тексеруді есепке алу журналы

(әскери бөлім (мекеме, бөлімше) атауы)

| Р/с № | Әскери атағы, бөлімше | Тегі, инициалдары | Шағымдары, хал-жағдайы | Эмоциялары қ ауытқулар | Тері қабаты | Пульс | Басқа деректер | Жұмысқа (қызметке) жіберу туралы белгі | Медицина қызметкері-нің қолы |
|-------|-----------------------|-------------------|------------------------|------------------------|-------------|-------|----------------|--|------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери-
медициналық бөлімшелерінде
жеке құрамға медициналық
қарап-тексеру жүргізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

(А6 форматы)

(әскери бөлім, корабль)
Бөлімше _____

мерзімді қызмет әскери қызметшісінің, курсанттың, кадеттің МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПШАСЫ

(тегі мен инициалдары)
Әскерге шақырылған (түскен) күн _____ ж. " _____ " _____
Толтырылған күн _____ ж. " _____ " _____

Мазмұны

| Р/с № | Бөлімдер | Беті |
|-------|--|------|
| 1. | Жалпы мәліметтер | 3 |
| 2. | Антропометриялық деректер | 4 |
| 3. | Алғашқы медициналық тексеру | 5 |
| 4. | Стоматологтың (тіс дәрігерінің) қарап-тексеруі | 9 |
| 5. | Кезекті тексеру деректері | 12 |

| | | |
|-----|---|-------|
| 6. | Рентгенография, рентгеноскопия және флюорография | 15 |
| 7. | Сактандыру екпелері | 17 |
| 8. | Тексеру қорытындылары | 18 |
| 9. | Медициналық көмекке жүгінуді, стационарлықемделуге (куәландырылуға) жіберуді тіркеу | 20 |
| 10. | Дозиметрия және радиометрия деректері | 40 |
